Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 желтоқсандағы N 1143 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 45 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы* N 45 *(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., N 50, 648-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

Бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

4 "Трансферттердің түсімдері" санатында:

04 "Ұлттық қордан трансферттер" сыныбында:

1 "Күрделі нысаналы трансферттер" кіші сыныбы мынадай мазмұндағы 03 ерекшелікпен толықтырылсын:

"03 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан Республикалық бюджетке берілетін нысаналы трансферт";

Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

05 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

03 "Мамандандырылған медициналық көмек" кіші функциясында:

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

028 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасы мынадай мазмұндағы 107 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"107 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның

ұюы факторларын сатып алуға ағымдағы нысаналы трансферттер";

253 "Облыстың денсаулық сақтау басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 011 және 015 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 026 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"026 Гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұюы факторларымен қамтамасыз ету";

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен";

"015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

353 "Республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау басқармасы" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі бойынша бюджеттік бағдарлама мынадай мазмұндағы 011 және 015 кіші бағдарламалары бар 026 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"026 Гемофилиямен ауыратын ересек адамдарды емдеу кезінде қанның ұюы факторлармен қамтамасыз ету";

"011 Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен";

"015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен";

06 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру" функционалдық тобында:

09 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында:

213 "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 053 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

"053 "Мемлекеттік аннуитеттік компания" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту";

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпаратты кеңістік" функционалдық тобында:

09 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер" кіші функциясында:

205 "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 "Туризм және спорт саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай мазмұндағы 002 бюджеттік кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"002 Аумақтық органдардың аппараттары";

мынадай мазмұндағы 021 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

021 "Бурабай" арнайы экономикалық аймағын дамыту";

09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану" функционалдық тобында:

01 "Отын және энергетика" кіші функциясында:

231 "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі бойынша 053 "Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салуға "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-на кредиттік ресурстар беру" бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

053 "Атырау облысында бірінші біріктірілген газ-химия кешенін салуға " Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-на кредиттік ресурстар беру";

13 "Басқалар" функционалдық тобында:

09 "Басқалар" кіші функциясында:

104 "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

019 "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру" бюджеттік бағдарламасы мынадай редакцияда жазылсын:

"019 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру мен ұлғайту";

217 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 041 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

041 "Стресті активтер қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру және ұлғайту";

220 "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 025 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

025 "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту";

233 "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі бойынша:

060 "Бурабай" арнайы экономикалық аймағын дамыту" бюджеттік бағдарламасы алынып тасталсын;

602 "Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік)" бюджеттік бағдарламасының әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 004 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

004 "Бәсекелестік саясатты дамыту және қорғау орталығын құру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК